



# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ, I

Халықаралық құқық  
және ұлттық құқық  
2-бөлім



Өткен дәрісте біз ағылшындық тәжірибе туралы сөз қозғаған едік. Бұл жолы Америка Құрама Штаттарында қолданылатын теория мен кейстерге тоқталамыз.

Ұлттық құқық пен дәстүрлі халықаралық құқық арақатынасы тұрғысынан америкалық практика британдық практикаға өте ұқсас. Бірақ Ұлыбританияда Конституция жоқ, ал американдық жүйеде осы сұрақты қарастырған кезде Конституцияны ескеру қажет.

Бустың Барриге қарсы ісінде (Boos v Barry) АҚШ-тың Жоғарғы Соты «Халықаралық құқықты сақтау АҚШ үшін өмірлік мәні бар ұлттық мүдде деу, жалпылама пайым (пікір) ретінде, әрине, дұрыс» деп атап өтті. Бірақ халықаралық құқықтың қарапайым нормаларын қолдану АҚШ Конституциясына тәуелді болды.

Дегенмен Біріккен Корольдіктегідей мұнда да инкорпорация доктринасы өзгеріске ұшырады. 1900 жылғы әйгілі Хабана Пакті ісіне байланысты (The Paquete Habana) АҚШ Соты былай деп шешім қабылдады: «дәстүрлі халықаралық құқық ұлттық заңнаманың құрамдас бөлшегі және оны юрисдикциясы сәйкес келетін соттар ішкі құқық мәселелерін қалай талқыға салып қолданса, бұған да дәл солай жиі жүгінуі керек». Осыдан таза инкорпорация кейстері кейін анағұрлым әсіре сақ идеялар мен тәсілдерге алмастырылғанын байқаймыз.

АҚШ-тың қазіргі ұстанымы бойынша дәстүрлі халықаралық құқық федералды құқық болып табылады және оның федералдық соттарды анықтауы штаттың сот жүйесіне міндетті. Мысалы, Америка соттары бұрын қабылданған шешімдерді назарға алуы тиіс. Сонымен қатар, дәстүрлі халықаралық құқыққа қайшы келіп тұрса да, олар статуттық нормаларды қолдануға міндетті.

Бұл пікір Никарагуада тұратын АҚШ азаматтары комитетінің Рейганға қарсы ісінде (Committee of United States Citizens Living in Nicaragua v. Reagan) нақтыланды. Ол бойынша Апелляциялық сот «Конгресс қабылдаған бірде-бір заң дәстүрлі халықаралық құқықты бұзды деген себеппен талқыға салынбайды» деп қорытынды жасады.

Әлбетте, бұл дәстүрлі халықаралық құқық пен оған кереғар статуттар, яғни АҚШ заң шығару билігі қабылдаған заңдардың арақатынасын қарастыру кезде бірқатар проблема тудырды.

Дегенмен АҚШ-тың шетелмен қарым-қатынастары туралы үшінші Ережелер жиынтығына сай, статуттар, яғни заңдар бұрынырақ қабылданған халықаралық шарттар мен халықаралық құқықтың дәстүрлі ережелерінен басым екені бүгінгі таңда айқындалған.

Бұдан бөлек, Вальдез бен Оклахома арасындағы істе (Valdez v. Oklahoma) егер америкалық сот БҰҰ-ның Халықаралық сотының шешімін қолдай отырып, АҚШ-тың Жоғарғы сотының шешімін кері қайтарса, әрі бұл жеке тұлғаның АҚШ Конституциясына қарсы әрекет етуіне мүмкіндік берсе, онда мұндай әрекет АҚШ Конституциясына қайшы болып танылады деп тұжырым жасады.

Дегенмен бұл америкалық сот ылғи дәстүрлі халықаралық құқыққа қайшы дегенді білдірмейді. Ағылшын құқығы секілді мұнда да халықаралық құқыққа жарасым (яғни сәйкестік) презумпциясы бар. Шрёдердің Бисселге қарсы ісінде (Shroeder v. Bissel) америкалық сот мынадай дәйек келтіреді: «Егер Конгресс акті, сөзсіз, халықаралық сыпайылық принципін назарға алмауды көздеген болса немесе солай көрінсе, презумпцияға сай аталған акт соған лайық деп саналуы керек».

АҚШ құқығы мен дәстүрлі құқықтың арақатынасы, сондай-ақ адам құқығы контекстіндегі бірқатар істерді өзекті тақырыпқа айналдырды. Мысалы, Филаргит пен Пена-Ирала арасындағы істе (Filartiga v. Pena-Irala) АҚШ-тың Апелляциялық соты бірнеше парагвайлықтың басқа бір парагвайлықтың үстінен жасаған шағымын қайтадан қарады. Шағымданушылардың біреуінің баласы азаптап өлтірілген еді. Шағым 1789 жылы қабылданған шетелдіктердің шетін шағымдары жөніндегі Заңға негізделді.

Ол бойынша «округ соттары шетелдіктердің қандай да бір азаматтық шағымын тек ұлттар құқығын бұзған кезде ғана қарастыруға бірінші кезектегі юрисдикцияға ие болады». Осыған орай, Апелляциялық сот бұл оқиғадағы азаптау фактісі халықаралық дәстүрлі құқықтың, яғни халықаралық құқықтағы ұлттар құқығын бұзуға жатады, сол себепті, америкалық соттың бұл іске қатысты юрисдикциясы жүрді деп шешім шығарды. Сәйкесінше, сот екі тараптың да шетелдік, Парагвай азаматтары екеніне және негізгі оқиғалардың бәрі Парагвайда орын алғанына қарамастан, айыпталушыға үкім шығарды.



## Халықаралық шарттар

Ұлыбританияда атқарушы билік келіссөздерді жүргізіп, халықаралық шарттарға қол қояды әрі ратификациялайды. Бірақ халықаралық шарт Ағылшын құқығының бір бөлігі болу үшін халықаралық шарттардың кейбір санаттары бойынша міндетті түрде Парламенттің рұқсаты қажет.

Америкалық жүйеде бұл мәселе Конституцияда тиянақталған. АҚШ Конституциясының алтыншы бабы 2-секциясына сәйкес «Құрама Штаттардың өкілетті органдары арқылы жасалған немесе жасалатын барлық халықаралық шарттар осы жердің ең жоғары күші бар құқығы (заңы) ретінде танылады және Конституция мен бір Штаттың құқығына қайшы келететініне қарамастан, аталған халықаралық шарттарды барлық судьялар қолдануға міндетті».

Ратификациялау әдісінде де өзгертулер бар. АҚШ Конституциясының II бабына сәйкес Президент халықаралық шарттарды жасау уәкілеттігіне ие, бірақ ол ратификацияны Сенат құрамының кемінде үштен екісі қолдап, дауыс бергенде ғана жүзеге асыра алады.

Осы жерде Қазақстандық тәжірибені салыстыра кеткен жөн шығар. Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабы 1-тармағы 7-тармақшасына сәйкес Парламент Республиканың халықаралық шарттарын ратификациялайды және олардың күшін жояды. Де-генмен ратификация заң формасында қабылданады және соңынан Президент қол қояды. Сонымен қатар, ратификациялау заңын Парламенттің екі палатасы да қарайды, ал АҚШ-та Конгрестің тек қана Жоғарғы палатаның қолдауы қажет.

Осы тектес халықаралық шарттардан бөлек атқарушы билік жасайтын халықаралық шарттар бар. Олар көбінесе Президенттің өз уәкілеттігімен жасалады және халықаралық құқық аясында қолданыстағы шарттар саналады.

Ратификацияланған және ратификацияланбаған шарттардың айырмашылығы туралы АҚШ Конституциясында анық-қанық ештеңе жазылмаған. Бірақ тәжірибе жүзінде олар кеңінен қолданыста.

Халықаралық құқықты түсінуге қатысты америкалық доктрина халықаралық шарттардың екі түрінің ара-жігін ажыратуға алуға сүйенеді: біріншісі – өзінен-өзі орындалатын, екіншісі – өзінен-өзі орындалмайтын шарттар. Біріншілері ұлттық заңнамада қосымша актілер қабылдауды қажет етпейді, ал екіншілері тек мемлекет ішілік құқықта сәйкес акт қабылданған кезде ғана азаматтар мен соттарға міндетті болуы мүмкін.

Бірақ халықаралық шарттың қай санатқа жататынын қандай талаптарға сүйеніп анықтайды? Бұл мәселе бойынша АҚШ соттары жылдар бойы ортақ ұйғарымға келе алады. Нәтижесінде айырмашылықты анықтауға көмектесетін әртүрлі факторлар ойлап табылды. Оның ішінде саяси мазмұндағы факторлар да жетерлік. Мәселен, саяси мазмұны (астары) бар халықаралық шарттар өзінен-өзі орындалмайтын шарттар санатына кірді, яғни ол заң шығарушы органдар арқылы өтуі керек. Территорияға қол жеткізу немесе айырылу, сондай-ақ, қаржылық келісімдер осыған мысал болады.

Мысалы, Эди мен Робертсон арасындағы істе (*Edu v. Robertson*) АҚШ Жоғарғы соты еліміздің соттарында жеке тұлғаға қолданылатын ережелері бар халықаралық шарттар Конгресс қабылдаған басқа заңдармен бір санатта деп шешім шығарды. Мұндай түсіндірме (трактовка) жеке тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін қозғайтын халықаралық конвенцияларға өз бетінше, бірден орындалуына мүмкіндік берді.

Бірақ мұндай жалпылау белгісіздікке әкеліп соқты. 1952 жылы Калифорнияның Жоғарғы соты Сей Фуджидің Калифорния штатына қарсы шағымын (*Sei Fujii v. California*) қараған еді. Шағымданушы 1948 жылы Калифорниядан жер телімін сатып алған. Бірақ сол кездегі заң шетелдіктерге жекеменшікке жер сатып алуға рұқсат бермейтін еді. Жерден нақақ айырылып қалмас үшін шағымданушы мұндай заң мемлекеттерді нәсілдік кемсітушілікке қарсы адам құқығын қорғауға шақыратын халықаралық шартқа – БҰҰ Жарғысына қайшы екенін алға тартты. Ереженің мақсаты мен міндеттерін, т.б. көптеген нормаларын саралай келіп, Калифорнияның Жоғарғы соты БҰҰ-ның адам құқықтарына қатысты Жарғысы бұл жерде өз-өзінен орындалуға жатпайды деп шешім шығарды.

Жалпы Халықаралық шарттардың, шын мәнінде, қай санатқа жататынын анықтау қосымша критерийлері Америка соттарының көпшілігінде қаралған.



## Басқа елдер

### Ортақ құқық және сонымен байланысты құқықтық жүйелер

Англо-саксон құқықтық жүйесіне жататын көптеген елдерде, әсіресе, Британ Қауымдастығына кіретін елдерде, сондай-ақ, Израильде, бірдей ережелер қолданылады. Дәстүрлі халықаралық құқық – жалпы құқықтық жүйенің бір бөлшегі, бірақ қайшылықты жағдайда ұлттық құқық басым күшке ие. Аталған ереже Жаңа Зеландия, Канада және Австралия сияқты мемлекеттерде қабылданды. Ирландияда орын алған Хорган ісінде (Horgan v. An Taoiseach) былай делінді: «бекітілген дәстүрлі халықаралық құқықтың принциптері Ирланд ұлттық құқығына Конституция, статуттық құқық және ортақ құқыққа қарсы болмаса ғана инкорпорацияланады».

Халықаралық шарттар мен ұлттық құқық арақатынасының тағы бір мысалын Австралия Жоғары соты қараған Иммиграция және этникалық қарым-қатынастар министрлігі мен Тео ісінен (Minister of State for Immigration and Ethnic Affairs v. Teoh) көруге болады. Сот шешімі бойынша егер Австралия мүше болатын халықаралық шарттың ережелері Австралияның статуты арқылы инкорпорацияланбаса, олар Австралия құқығының бір бөлігі бола алмайды және ешқандай құқықтар мен міндеттер жүктемейді. Мұндай қорытындыға келудің бір себебі – атқарушы билік халықаралық шарттарды келісіп, ратификациялайды, ал заң шығарушы билік тек заң шығармашылығымен айналысады.

Бірақ ратификацияланатын халықаралық шарттың ешқандай мәні болмайды деп жансақ ойлаудың қажеті жоқ. Егер заңдар мен заңға тәуелді нормативтік-құқықтық актілерге кейбір мәселелер бойынша нақтылық жетіспесе, соттар Австралияның міндеттері ескерілген халықаралық шарт құрылымдарына артықшылық береді.

## Азаматтық құқық жүйелері

Рим құқығынан бастау алатын азаматтық құқық жүйелері қалыптасқан мемлекеттерде ортақ құқық мемлекеттерімен салыстырғанда бірқатар айырмашылық бар. Германия Федеративті Республикасы Негізгі Заңының 25-бабына сәйкес «халықаралық жария құқықтың жалпы ережелері федералды құқықтың бір бөлігі болып табылады. Олар барлық заңдардан басым, үстем күшке ие және федералды территорияның халқына тікелей құқықтар мен міндеттер жүктейді».

Бұл норма халықаралық құқықты тек ұлттық құқықтың бір бөлігі ретінде мойындап қана қоймай, ұлттық құқық аясында қабылданған барлық заңдардан басым екенін көрсетеді. Бірақ бұл жерде халықаралық жария құқықтың жалпы ережелері нені қамтитындығы анық емес. Халықаралық шарттар туралы айтатын болсақ, олардың саны ұлттық құқықтағы барлық заңдардан көбірек, бірақ олар Конституциядан жоғары тұрмайды.

Дәл осындай ережелер біздің Конституциямызда да бар. Бірақ олар халықаралық шарттар мен дәстүрлі халықаралық құқық принциптерін түгел қамтымайды. Конституцияның 4-бабының 3-тармағына сәйкес Республика ратификациялаған халықаралық шарттар Республика заңдар алдында басымдыққа ие, яғни тек қана Парламентпен жүзеге асырылатын ратификация рәсімінен өткен халықаралық шарт қана заңдардан басым.

Нидерланд Конституциясында да осыған ұқсас норма бар. 91-баптың 1-тармағы бойынша халықаралық шарт мемлекет территориясында тек қана Парламент келісімімен ғана күшіне енеді. Бұдан бөлек Нидерланд Конституциясының халықаралық құқықтың басымдығы туралы қызық нормасы бар. 91-баптың 3-тармағы бойынша халықаралық шарттың ережесі Конституцияға қайшы екеніне қарамастан Нидерланды Парламенті оның қабылдауға келісімін бере алады.

93-бапқа сәйкес егер халықаралық шарт өзінің мазмұнына сәйкес халықаралық ұйым қабылдаған шешім бойынша күшіне енсе, мұндай халықаралық шарт ресми жарияланған сәттен күшіне енеді. Оған мысал ретінде Халықаралық азаматтық авиация конвенциясының қосымшаларын келтіруге болады. Бұл конвенцияның қосымшалары уақыт өткен сайын



жаңарады және Халықаралық азаматтық авиация ұйымы жаңа нормаларды қабылдап тұрады. Дәстүрлі халықаралық құқық туралы Нидерланд Конституциясында еш нәрсе айтылмаған, бірақ іс жүзінде статуттық нормалар дәстүрлі нормалардан басым.

1947 жылы қабылданған Италия Конституциясының 10-бабына сәйкес италиялық құқық нормасы «халықаралық құқықтың жалпы танылған ережелерімен сәйкес келеді».

Португалия Конституциясы бойынша жалпы және дәстүрлі халықаралық құқықтың ережелері мен принциптері Португалия құқығының құрамдас бөлшегі болып есептеледі. 1997 жылы қабылданған Польша Конституциясы бойынша ратификацияланған халықаралық шарт статуттық құқыққа тең және құқықтың қайнар көзі. Бельгияның Жоғары Соты тікелей әсері бар халықаралық шарттардың ережелері Конституциядан да, қайшы келетін заңнан да басым деген көзқарас ұстанады.

Ресей Федерациясының 1993 жылғы Конституциясына сәйкес Президент келіссөздерді жүргізіп, шарттарға және ратификациялау туралы құжаттарға қол қояды. Конституцияның 106-бабы бойынша Федералды Парламенттің жоғарғы палатасы – Федералды кеңес халықаралық шарттың ратификациясы немесе денонсациясы (күшін жою) туралы қабылданған заң жобаларын қарауға міндетті.

Осы Ресей Конституцияның 15-бабы бойынша халықаралық құқық пен халықаралық шарттардың жалпы танылған принциптері мен нормалары Ресей Федерациясының бір бөлшегі. Егер халықаралық шарт ішкі заңнамалық нормаларда кездеспейтін ережелерді қарастырса, онда бұл жерде халықаралық шарт нормалары қолданылады.

## Қорытынды

Әртүрлі мемлекеттердің ортақ құқығы мен азаматтық құқық дәстүрін шолып шыққаннан соң, белгілі бір түйін жасаған дұрыс шығар.

Бір де бір мемлекет тек қана монистік немесе дуалистік позицияны ұстанбайды. Көптеген мемлекеттер дәстүрлі халықаралық құқықты өзінің ішкі заңнамасы ретінде қарастырады, бірақ мұндай ережелер қабылданған заңға кереғар болмауы тиіс.

Кейбір мемлекеттер белгілі бір талаптар процесінен шыққаннан кейін халықаралық құқықтың ұлттық құқықтан басымдығын мойындайды. Кейбіреулер мұндай процесті халықаралық құқықтың қорғалуы және оның принциптерінің кең өріс алуы деп қабылдауы мүмкін. Ал басқалары халықаралық құқықтың жұмысы үшін ұлттық құқық механизмдерін іске асыруды ұлттық құқықтың басымдығы ретінде бағалайды.

Халықаралық шарттар бойынша ұстанымдар дәстүрлі құқықпен салыстырғанда әлдеқайда кешенді. Егер кейбір елдерде халықаралық шарттар өздігімен жұмыс істесе, басқаларында ұлттық заң актісі болмайынша оларды қабылдау мүмкін емес. Кейбір елдерде барлық халықаралық шарттар сәйкес заңнамалық процедурадан өтуі тиіс.

Еуроодақ құқығы мен ұлттық құқықтың арақатынасы туралы Еуроодақ соты одақтың құқығы кез келген мүше-мемлекеттің ұлттық құқығынан басым деген тұжырым жасаған еді. Ұлттық құқық ұғымына конституциялық құқық та қосылады. Жалпы, Еуропалық Одақ әзірлейтін халықаралық шарттардан бөлек қосымша заң актілері де аз емес. Олар регламент, шешім, директива формасында қабылданады.

## Сұрақтар

1. АҚШ, Ұлыбритания және Қазақстанның ратификация процедурасында айырмашылық бар ма?

2. Халықаралық шарттың америкалық доктринасына сәйкес халықаралық шарттар қандай түрлерге бөлінеді?

3. Қалай ойлайсыз, заң шығарушы орган қабылдаған халықаралық шарт Конституциядан жоғары болу керек пе?



Кітап: Халықаралық құқық, I

Дәріс: 6. Халықаралық құқық және ұлттық құқық. 2-бөлім

## Әдебиеттер

1. M.Shaw, International Law, p. 119-138.
2. C.A. Bradley, International Law in the US Legal System, 2nd edn, Oxford, 2015.
3. S.Fatima, Using International Law in Domestic Courts, Oxford, 2005.
4. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. Международное право. Общая и особенная части: Учебник. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. 5-19 б.
5. Кулжабаева Ж.О., Международное публичное право. Общая и Особенная части. Алматы: Юридическая литература, 2006. Глава 1.6.